

B. A. ОМАРОВА

## ТІЛДІК ТЕНЕУЛЕРДІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Қазақ дүниетанымы, соның ішінде этикалық, эстетикалық, астрономиялық т.б. көзқарастары, ұлттық менталитеттің ерекшеліктері енді ғана философиялық және тілдік талдауға түсуде. Осындағы ғылыми талдауларға методологиялық негізben жүйелілік жетіспей жатса да бұл енбектер мен ғылыми ізденістердің атқарар қызметі маңызды. Әйткені тарих пен дүниетанымдағы кезеңдерді рухани игерудің, сондай-ақ когнитівтік, этнолингвистикалық тұрғыда зерттеуіміз, дүниетаным-блім және құндылық қағидаттардың жиынтығы, адамгершілік мұраттары мен ұлттық мінез- құлықтың реттегіштері, қоршаған ортаға деген этикалық, психологиялық, эстетикалық көзқарастарды қалыптастыруышы үдеріс. Дүниені тұсіну және дүниені өзгерту, дүниені логикалық және эстетикалық, этикалық тұрғыда қарастыру – барлығы да қоршаған әлемді дұрыс деңгейде қабылданап, түсіну үшін өсемдік, эстетикалық сезімнің де рөлі маңызды болып табылады. В. Т. Белинскийдің пайымдауынша, өсемдікті сезіну – адамгершілік қасиетінің шарты: «тек осы сөздің төнірегінде ғана ғылым дүниежүзілік идеяларға дейін шарықтай алады, табиғат пен құбылысты оларға ортақ тұрғыдан түсіндіреді, тек осы сезіммен ғана адам өмірде ерлік істей алады оның барлық ауыртпалығына белі қайыспайды» [1, 361].

Эстетикалық тәрбие беру, этикалық сезімді ояту күрделі құралдарының бірі – тілдік тенеулер болып табылады, себебі олар образдық конструкция ретінде сан алуан нәрселерді салыстырып, ассоциацияландыру арқылы жақындастырады. Осындағы ұқсату, тенеу нәтижесінде бір зат, яғни тенеудің предметі тенеудің сипаттаушы мүшесі немесе тенеудің образы арқылы сипатталынып, тенестірілетін предмет пен образды әртүрлі ассоциациятивтік байланыстар арқылы қарастырып, тенеу предметін көріктілеу, айқынырақ тұрде бейнелейді. Егерде тілдік тенеулердің логикалық негізі ретінде бір жағынан екі ұғымды салыстыру, екінші жағынан оларды жақындастыратын ортақ белгі болса, онда біз тенеудің эстетикалық негізі ретінде тек ғана сипаттаушы ұғымды, яғни

тенеудің образын қарастырамыз. Бейнелілік сипаты бар көркем тенеуде образ маңызды рөл аткарады. Толымды тенеулік конструкциясының үш элементі де предмет, образ, белгі түгел [2] тенеулерде образ сан алуан түрде жүзеге асырылып, өзінің ассоциациялық аясын яғни парадигмалық және синтематикалық қатарларын кеңейту арқылы предметтерді сипаттаумен қоса, предметтің бүрыннан белгісіз болып келген сан құны белгілерін ашады.


Осындағы ассоциациялық аясы кең эмоционалды-экспрессивтік тенеулер өсемдік, асқақ сезімді ояту арқылы эстетикалық көзқарасты жүзеге асырып, қамтитын құрал ретінде саналады. Өсемдік, сұлулық ұғымдары осындағы толымды тенеулерде образ арқылы бейнеленеді. Сұлулық ұғымы, өсіресе ұғымдар, қазақ халқының дүниетанымын байқаттын, оның эстетикалық көзқарасын анықтайтын ең комакты, салмақты ұғымы болып табылады. Адамдардың сұлулық қасиеті объективті әлемнің әртүрлі заттарымен, құбылыстарымен ассоциацияланып, оның нәтижесінде сұлулық ұғымды конкреттеп, сұлулық ұғымын көрнекілеу сипаттайды. Сұлулықтың көркем әйелдің, ер адамның көрікті суреті өсемдік әлемінің шамшырағында бола отырып, адамның келбетін суреттеу арқылы өсемдікке деген халықтың көзқарасына баулиды. Әйел не ер адамның сұлулығы, олардың әдемілігі сұлулық туралы мәліметті сактайтын сыннан өткен заттармен, құбылыстармен салыстырылады. Солардың ішінде бірнеше топтарды сараптап алып, айқынырақ көрсетуге болады. Оларға ен алдымен қазақ ұғымындағы сұлулық қасиетін сипаттайтын, соның көрнекілеу көрсеткіші болатын «ак» ұғымын жатқызуға болады. «Ақ тұс» адамның бетінің дидарын, денесінің, етінің сұлу сипатын құлпыртып, жайнатып жібереді. Ақ тұсті сұлулар қазақ ұғымына етene жақын нәрселерге, ақ тұсті құбылыстарға, ақ тұсті құстарға, ақ тұсті андарға, ақ тұсті заттарға тенестірілген. Ақ тұсті заттар мен құбылыстар тенеулерге образ болып қолданылып адам сұлулығын жасауда ен қажетті бояуға айналады. Сұлу

қыздын, сұлу жігіттің, ару келіншектің көнілді өсіретін жанды суреті, ақ түспен, бояумен өсемделініп, көрнекті дидарын, бейнесін көз алдында елестетеді. Т. Қоңыровтың пікірінше, «ак бояу арқылы өрнектелген сұлулық міnez әдеміліктің шынайы суреті болып есептеледі. Өйткені, ақ түс – казак ұғымындағы ең қасиетті, ең ардақты, ең сүйкімді, ең жұмсақ бояулардың бірі. Сол себепті де, ақ түс жалпы жақсылық, ізгілік, адамгершілік, сүйкімділік секілді ұғымдардың бәрімен де шектесіп, астарласып жатады. Басқаша айтқанда, аталмыш ұғымдардың барлығы да осы ақ түспен ассоциацияланады» [2, 426].

Ақ түсті заттармен, ақ түсті құбылыстармен ассоциацияланған сұлулық ұғымы әйелдің жүзін, келбетін нұрландырып, құлпыртады, қараныз: «*Адам адамға ұқсай береді, бірақ ол Жанарғұлдің көздері көкшіл, өзі екі бетіне қан үйін тұратын уылжыған ақ сары еди. Мына Жұмагұлдің кескіні қағаздай аппақ та, көздері қарақаттай, қос жаңары жүлдізыдай ұшқын ата қарайды. Көпіршил толқын тұратын қызығыт-бүйіра шашы, құрықтай аппақ мойның бұрынғысынан да ұзарып, аққу төстендерін ерекшелендіре түседі*» (Р. Тоқтаров. Бақытты құлдықтың ақыры, 521 б.); «*Өзі әлдене түсінді, бет аузы «көлден тартқан» сүйріктей аппақ, уылжын тұр*» (Р. Тоқтаров. Сонда, 243 б.); «*Бал иесі – Омбының ірі банкирі. Аққудай керілген сұлу бойжеткеннің жан адамды көзіне ілмей кетіп бара жатқаны – алдымен оған сын*» (Р. Тоқтаров. Сонда, 156 б.); «*Әйелдің көз жанарында тұрады*

гой барлық мәселе. Құрықтай аппақ мойның шала бұрып, жалт етіп бір қараганда-ақ «мен сендік едім гой мәңгілік, қайда жүрдің осы уақытқа дейін көрінбей» деген уытты өкпе тұрган» (Р. Тоқтаров. Сонда, 156 б.) «*Соны айтып артынан түсе берген кезде, озіне сырт жасынан сүқтана қадалып тұрган бойжеткенді байқап қалды. Қыздың жүзі ме, жанары ма, әлдене ақ шұғыладай жарқ еткен болды. Қоң ғұлдің ішіндең айырықша ғұлдей оқшау көрінді*» (Б. Нұржекеев. Екі томдық танда-малы шығармалар, 24 б.); «*Ақ жұмыр иегің неге қозғалмай қалды Жұқалан, сұлу, қыт-қызыл өріндерін, неге жаңагы назыңды қайталаңайды Кіршіксіз, аппақ, мінсіз сұлу тістерің неге іш қайнатқан қатарын жасайды дегендей, ұзақ сұрақпен қадалып қалған екен*» (М. Әуезов. Абай жолы, 73 б.) Осы талдауға түскен мысалдарда сұлулық ұғымы ақ қағаздың, аккудың түсіне, оның керілу қимылына, құрықтың аппақ түсіне және ұзындығына теңестіріліп отыр.

Кей жағдайларда сұлулық ұғымы тек ғана ақ түс арқылы беріледі. Осындай тенеулердің негізінде метафоралар бар. Бұл жағдайда әйелдердің ақ жүзі аққұба жігіттің келбеті ақ түсті заттардың касиетін сініріп, образ ретінде сұлулық ұғымымен ассоциацияланады. Осындай тенеулердің предметі, яғни сұлулық белгілерімен образ, яғни түсіндірілетін ұғыммен парадигматикалық катынаста болады, мысалы 1-сызбада ассоциациялардың парадигматикалық байланыстарын қараныз:



1-сызба сұлулық ұғымын сипаттайдын тенеулердің парадигматикалық катынаста болатын қосымша образдарды ақ түспен ассоциацияланатын тенеулерде «сыннан өткен» сұлулық образдары

қосымша образдық парадигмаларды синонимдік катарлар, көркем метафоралық эпитеттер арқылы тудырады, мысалы: «*шошақтау бол біткен үлкен қой көзді, аққызыл жұзді, қалың шашты*

*Көрімбалада саналы қайрат бар, ұстамды, сырлы  
салмақ бар. Сонысымен ол әрі сөнді, әрі өзгеше біт-  
кен сұлу» (М. Әуезов. Абай жолы, 70б.); «Әр зор  
дауысы, сұлу пішінді, аққұба жігіт айтқанда, жаңа  
сыр тапқандай» (М. Әуезов. Сонда, 70 б.); «Ақша  
маңдайлы, кең сұлу жүзді Үмітей ашық үнмен сыйқ-  
сық етіп, үй ішіне естірте күлді» (М. Әуезов.  
Сонда, 71б.);*

Сұлулық ұғымы табиғат құбылыстарымен, ай-  
мен күнмен, жер мен көкпен, өсімдік пен жану-  
арлармен, олардың кимылдарымен (бұлғақтау,  
керілу, майысу, бұралу т.б.) ассоциацияланады,  
мысалы: «Сол Камария ай десе аузы, күн десе көзі  
бар Камария қазір қандай күйге түсken? Жасы  
отыздан жаңа асқан келіншектің екі беті құп қу,  
жұлдыздай жаңын тұратын жанарының оты азай-  
ган» (Р. Токтаров. Бакытты құлдықтың ақыры,  
102б.) «Тасыған Ертіс қайтып, қалада шыбынсыз  
жаз орнаган бір күндері Қасенниң жататын үйінде  
екі көзі шоқтай жайнап тұрган бір сұлу қыз пайды  
болды» (Р. Токтаров. Сонда, 50б.).

«Білектей ғып өрген бұрымы қылтасын ұрады,  
кескіні айдай сұлу, қалты -не ерек емес, не ұргашы  
емес, дүбәра, өз беті ешкіммен жсанаса алмай жасы  
жисиғма бескे келгение «кәрі қыз» атанып отырып  
қалып еді, елге сонау зобалаң жылдар ат ойнатып,  
қызыл жағалы сұрша көз жігітті көрді де, бірден  
құлап гашық болды» (Р. Токтаров. Сонда, 13б.); «Лена  
айнаның алдында турегеліп, ғұлдің қызыл нарттай  
ұлпасындаған бол, уылжып тұрган сұлу көркіне көз  
салды» (Р. Токтаров. Сонда, 177б.); «Жұмагұл үл  
күндері көктемнің ғуліндей бол құлтырып ашилған  
сүйріктей сұлу бойжеткен. Ақылды, нұр жүзді, бия-  
зы мінезді Қалкенге жан-тәнімен гашық» (Р. Ток-  
таров. Сонда, 455б.); «Кешікпей сиргалаңдан апа-  
сы кіріп, оның соңынан бірге өрген жайнақ көз бір  
бойжеткен көрінді. Үстінде белі қылған тақта-  
лы штапель көйлегі бар, толқынды қара шашын екі  
айырып, тосінің алдына жуан қос бұрым етіп түсір-  
ген, балтыры бесіктей, «алма піс-ауызга тұс» деп  
уылжып тұрганның нағыз өзі». (Р. Токтаров. Сонда,  
386б.); «Шукір клубтың қасында сылаң қағып отіп  
бара жатқан ақ шашты, көлден тартқан сүйріктей  
әдемі орыс қызын көріп қалып, оған да қалтасында  
жүрген ауызы ашық иіссуын ала сала шашқан гой.  
Бұрын ол осылай иіссу шашса, поселок қыздары  
бажылдан, тым тырақай қаша жөнелетін. Мына  
қыз қаштай, бетіне күлімсір қарап тұрып:

— Рахмет, ради бога, көңіліңіз оссін! — демесі  
бар ма?» (Р. Токтаров. Сонда, 309б.)

Сұлулық ұғымын табиғаттың сұлу заттары-  
мен, құбылыстарымен, жануарларымен, құстар-  
мен, т.б. сипаттағанда, толымды тенеулерде  
қосымша сұлулық ұғымын жандандыратын  
тіректі сөздер кездеседі, мысалы келтірілген  
үзінділерде сондай тіректерге құлтыра, нұр жүзді,  
жайнақ көз, гиперболаға негізделген тенеу «бал-  
тыры бесіктей» уылжып, әдемі сөздерді, тір-  
кестерді, компаративтік тіркестерді жатқызуға  
болады.


Т. Коңыровтың «Тұракты тенеулер сөздігінде» [2] табиғаттың құбылыстарымен ассоциациялан-  
ған сұлулық ұғымы саналуан тенеулерде көрініс  
береді. Сөздіктің материалын талдау нәтижесінде  
біз өсімдіктердің, мысалы ғұлдердің әр түрі  
(бәйшешек, жауқазын, рauшан, қызгалдақ, қызыл  
гүл, саргалдақ, қызгалдақ), тал, шыбықтардың  
(жас тал, көк шыбық), жемістер (алма, бұршақ,  
қарақат, бұлдырген, анар, жаңғақ, мойыл, пістіе),  
дақылдардың түрі (ақ тары, бидай, мақта, ұн),  
аңдардың (елік, киік, марал, тиін, бұлғын), жа-  
нуарлардың (бота, қозы, қой, ат, т.б.), құстар-  
дың (ақ шағала, сүйрік, сұңқар, аққу, тоты,  
бұлбұл), табиғи құбылыстардың, қоршаған орта  
заттарының (ай мен күндей, жұлдыздай, су, т.б.) образдары тенеудің бірінші компонентін, яғни  
предметін сипаттайтын, соларға ассоциация-  
ланған сипаттаушы ұғым екенін бакылаймыз,  
мысалы: бәйшешектей жұз, ғұлдей ару қыз, ғұлдей  
дидар, ғұлдей жұз, ғұл өрімдей, жайнаған жауқа-  
зындаі, жаңа ашилған ғұл жүзіндей, қызыл ғұлдей  
түрлену, беті ашилған ғұл жүзіндей, қызыл ғұлдей  
түрлену, беті қызыл алмадай, бұзылмаган алмұрт  
тәрізді, көк шыбықтай иілу, сары ғұлдердей, ақ  
мақтадай, аппақ ай мен күндей, ай мен күндей сұлу,  
ай мен күндей нұры бар, күндей тұс, жарқыраган  
жұлдыздай, жұлдыздай ғұл, ақ алтындаі, құмістей  
аппақ, ақ құмістей, қой көзі, бота көз, ботаның  
көзіндей мөлдіреу, сүттен де ақ, уыз қымыздай,  
уыздай таза, тоты құстай құлтыру, тоты құстай  
сылану, аққудай ақ, айдындағы аққудай, аққудай  
сылану, аққу құстай кіршікісіз ақ, аршыған жұ-  
мыртқадай дөңгелену, ақ таңның қанатындаі, тал  
шыбықтай иілу, т.б.»

Табиғаттың құбылыстары, заттары, адамның  
сұлулығын сипаттайтын, ұғымдар арқылы адам,  
сұлу қыз бейнесіз тенеулерде көрісінше, сипат-  
таланады табиғат ортасы сол сұлулық ұғымдары  
негізінде сүйкімді болып көрінеді. Бұл жағдайда  
экспрессивтік тенеулер колданылады. Олар табиғат

құбылыстарын сұлу адамның мүсінімен, жүзімен, қимылымен (сылану, тербеле қозгалу, шайқалу, сылаң қағу, сұлуша тарану, жымыңдау, күлімдеу) салыстырып, сол табиғи ортадағы заттарға поэтикалық сипат береді, мысалы: он төрт жасар сұлудай ай ортада иіліп тұр, белінен аз-ақ сынбай қыздай сыйылу, қыздардай қызыл аршалар, қыздың қолаң шашындағы өңшең өрім қарагай, сұлу қыздай өңшең өрім қарагай, сұлу қыздай шайқалып, балбырап тұр орман да, бұраңдан Алматинка қызы беліндей, сылдырлап ақ күмістің тізбегіндегі, көлі бар маралдының дөп-дөңгелек, көзіндей сұлу қыздың

мөлтілдеп, арудың ақ бетіндегі ақ мәрмәр да күннің көзін ұната бермейді екен, үйқыдағы арудай жастыр сұлан таң көлбеп, т.б. осындай бейнелі сипатта берілген табиғаттың құбылыстары сұлу адам көркі, қимылы арқылы көрнекі түрде сипатталынып, сұлу қызы, ару ұғымдарымен ассоциацияланады.

Егерде адамды көрнекілеу сипаттайтын теңеулерде табиғи құбылыстар образ ретінде қарастырылса, бұл жағдайда, көрініше, олар предмет ретінде зерттелінеді де, сұлу қызы-образ болып табылады, қараңыз 2-сызбада осындай экспрессивтік теңеулердің құрылымын:



2-сызба

2-сызба – сұлулық ұғымын сипаттайтын экспрессивтік теңеулердің құрылымы, экспрессивтік теңеулердің көркем әдебиетте колданғанын бақылайық: «Беткейлер мен биік тәбелер жасылы желек жамылып, жасының күнгөн қыз-келінешекші құлпырып көз жауын алады» (Б. Нұржекеев Екі томдық таңдамалы шығармалар, 14-б.); «Бұл ойпатты қойын-қолтықтармен, сай-салалармен қосыт Бел жайлайуы дейді, дәлірек айтуга тырысқандар Үйгентастың белі дейді. Қыр үстінен қарағанда, қазіргі тұрқы жаңа түсірген жас келіндей сылан. Аршалы беткей, қарагайлы тау беткей, қарагайлы тау келінге тұтқан тұкті кілемдей. Анау бұралаң өзен келіншектің арқасынан құлаган бұрымы іспетті» (Б. Нұржекеев. Сонда, 23-б.)

Қорыта айтқанда, қазақ халқының эстетикалық көзқарасын көрнекті түрде жүзеге асыратын сұлулық ұғымы сан қылыш образдар арқылы

бейнеленеді. Оларға ақ түсті, табиғаттың ақ түсті құбылыстарын, сұлу ренқі бар, заттарды көрініше қоршаған ортаны адамның сұлу жүзіне, қимылайна теңестіретін образдарды жатқызуға болады.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Томашевский Б.В. Стилистика и стихосложение. М., 1959.
2. Конъров Т. Тұракты теңеулер сөздігі. Алматы: Арыс, 2007.

#### Резюме

Рассматриваются эстетические основы языкового сравнения, характеризуются типы образов, дающих представление о красоте.

#### Summary

The aesthetic bases of linguistic comparison and types of the images are investigated and characterized in this article by giving conception of beauty.